

жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес», - деген еді ол. «Олай болмаған болса, - дейді А.Байтұрсынов алдыңғы ойын жалғастырып, - онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады» [4,86]. Осынау ащы айтылған шындықтың алдында бас имеуге бола ма?

«Жас азаматтың» соңғы саны 1919 жылғы 3-ақпанда шықты да, тоқтады. Алаш жастарының тұңғыш газеті ұлттық болашағы үшін ақырғы санына дейін адал қызмет етті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д. Алашқа тыныс болған «Жас азамат» // Ана тілі, 1993. -№ 14, 8-сәуір
2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. -А.,1964, -Б.70.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. -А.,1960, -Б.368.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. -Алматы,1989.-Б.140.

### МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ

*Жумагелдин Ж. Ш.*

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология магистрі.*

*Жанмолдина Ж. Д.*

*Бірінші Теміртау классикалық лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

Мұз-аға атанып кеткен, қазақ жыры мен қазақ көркем сөзінің хас шеберлерінің бірі – Мұзафар Әлімбаев есімі әр буын оқырманның санасына өзінің ойшыл, сыршыл мінезді жырларымен сіңісіп, данаға да, балаға да бірдей өтімді көркем сөзді жарата білуімен дараланып келді. Ақынның өмірге келген жылы мен кеткен жылы болмайды, оның өнегесі артында қанша жасаса, өмірі де сонша жасайды. Өнері мен өмірі ұзақ жасайтын Азамат ақын – М.Әлімбаев. Ол балауса кезінен-ақ өлеңді тек қана

өнер деп емес, өмір деп түсінді. Оны өлеңге әкелген қызыққұмар қызбалық емес, сол кезде ел басына түскен қатал да қиын, қилы-қилы тағдыр болды. Сондықтан оның лғашқы балғын жырларының өзі отқа суарылып, шынығып, шымырланып шықты. Оның өлендеріне қарап отырып, бүкіл бір ұрпақтың өткен өмір жолына сапар шеккендей боласың. Мұзағанның ақындық, азаматтық, қаламгерлік, қайраткерлік болмысын бірте-бірте алыстап бара жатқан уақыт көшінің толқыны мен шаңына шөктірмей, ойлар, саналар айдынындағы оның тұлғасы мен бітімін сомдап келе жатқан осы қасиеттері екені шүбәсіз. Ақынның бірде дана болып, енді бірде бала болып, мына сыры мен жұмбағы мол дүниеде тынымсыз кезер суреткерлік табиғаты мен танымдық, тағылымдық сипаты мол сұлулық әлемі ешкімді бейтарап қалдырмайтыны да сондықтан. Ақын өлеңді өз атынан айтқанда лирикалық кейіпкердің бейнесі жасалады. Себебі ақынның өз бейнесі жинақталған кейіпкер бейнесі болып шығады. Ақын қоғам өмірі, заман, адам туралы толғанғанда өзін”мен”, ”біз” дей отырып сол ортаның адамы, белгілі ұрпақ – буынның өкілі ретінде сезінеді. Ақын өзін қай жерде де, қай тұста да уақытпен аяғын тең алып, қатар жүруге, қалғымауға, қалмауға міндеттей білді. Өзін осынау бір ұрпаққа бір ұрпақ жалғасып, дәуірлер алмасып, адамзат санасында «мәңгілік» атты ұғым болып бекіген ғаламмен әр кез ажырамас тұтастықта ұстайтын, өзін сол алып ғаламның бір бөлшегі сезінетін суреткер, ойшыл, азамат Әлімбаевтың оқырманға ұсынар ойына, ұрпаққа айтар ғибратына иланасыз, сенесіз.

Жер түбі ме, жақын ба:

Жету – мұрат. Жол алда!..

Орта жолда аһ ұрма,

Орта жолдан оралма.

Сүрін, жығыл, жер тырна,

Екі аяқ пен екі қол!

Өр қырандай ұмтыл да,

Діттегенге жетіп өл [1,96] –

деген ақын уәжіне қалай сүйсінбеуге болады?!

Ақын Н.Оразалин: «Ақылы мол әке мен тағылымы мол ананың уыз тәрбиесін бойына мол дарытып, өнерлі сөз бен кемерлі дәстүрдің хан жайлауындай болған Маралды өңірінде

туып өскен ақынның балалық шақ, бозбала күндері де, от пен оқтың арасында жүріп, өмірге деген құштарлығы бір бәсең тартпаған жалынды жігіт шағы да, әдебиет босағасын именіп келіп, іркіліп аттаған алғашқы толқу мен тербеніске толы сәт-сағаттарын да, қазақ көркем өнері мен сөзінің жиырмасыншы ғасыр жаратқан алыптары Мұхандар мен Сәбәндердің, Ғабендер мен Ғабекеңдердің, көзін көріп, олардың өкшесін баса келген аға буын өкілдерінен көкірегіне түйгендері көп кездері де, өз қатар құрбыларымен қойындаса жүріп, жарысып жыр жазысқан аласапыраны мол күндері мен түндері де, өзінен кейінгі таланттылар легіне қол ұшын беріп, ағалық ықылас танытқан ырысты кезеңдері де күні кеше ғана болғандай еді.

Жүрегінде өмірге деген жалыны басылмаған, көңілінде ой мен сөздің айбыны сейілмеген, айдыны тарылмаған, Алланың өзі атын да, затын да «Муза» есімді киелі ұғымға қатар келіп, пешенесіне қазақ көркем сөзі дейтін көкжиегі кең әлемде «Мұза-аға» болу бақыты жазылған жанның әдеби ғұмырнамасы мен өмірбаянын осындай әсерлі ой мен тебіреністі сезімдер кеңістігінен іздеуге, көруге болар еді... Сексенге келсе де сенімі мен кісілік бітіміне шаң қондырмай келе жатқан ой мен жырдың аламанын көргендей боламын. Аға айбынынан уақыт айбыны, аға айдынынан уақыт айдыны сезілетіндей... Жасы ұлғайғанымен, жалыны басылмаған, орынсыз тасынып, орынсыз ашынбаған, әдебиет дейтін киелі де қасиетті ауылдың абыройы мен беделін әр кез асқақ ұстап, биік көтеріп келе жатқан тұлғалы жанның шайқалмас сабырлы қалпын көтергендей боламын.

Мұзафар Әлімбаев әлемі – талант пен тағылымның, таным мен табандылықтың, еңбек пен ізденімпаздықтың жемісті айнасы»[2,6] деген болатын ақынның 80 жасқа толған мерейтойына арналған «Ой мен жырдың аламаны» атты мақаласында.

Мұзафар Әлімбаев әлемі – өзі өмір сүрген уақыт пен ортаның, заман мен адамның мінез-құлқын танып, оған дүниелік ұғымдар өресіне баға беруге ұмтылар өрісі кең, тамыры терең, талғамы биік, парасаты ұшқыр әлем. Ол мына ұлан асыр дүние кеңістігінде болып жатқан оқиғаның ұлысына да, кішісіне де, ұсағына да, ірісіне де бейжай қарай алмады.

Ақынның мөлдір жан дүниесі – лирикалық қаһарманның адамгершілік мәдениетін, ар-намысын, мақсат-мұратын, биік санасын көрсетеді. Ақынның өмірге, уақытқа, заманға, тағдырға философиялық көзқарасы, яки даналық ойлары лирикалық кейіпкер болмысынан жарқырап көрінеді. Ақынның кейіпкері ойшыл, өрелі, алды кең, жолы даңғыл, парасат – білік иесі, ішкі жан дүниесі бай. Енді лирикалық кейіпкердің философиялық ойларымен ортақтасайық.

Ілгері - кейінді пікір айтқандардың бір бөлігі Мұзафар Әлімбаев поэзиясын талдай келе, ол ойдың ақыны деген пікірге тоқырайды. Осы түйіннен аңысын аңдыған сақтық та, тартыншақтық та - аңғарылатын сияқты. Орыс әдебиетінің сыншылары, мәселен, Е. Винокуров, В. Сикорскийлер жөнінде екеуін де философ ақын деп бұлтақсыз пікірге табан тіреп айтады. Бізге соңғы жылдарда ғана ақын Қ. Мырзалиев шығармашылығы жайында сондай тұжырымдар айтыла бастады.

Мұзафар Әлімбаев поэзиясында да философиялық ойлар өмір, дүние, тіршілік құбылыстарынан, адамның жаратылым-болмысынан туындайды.

Мұзафар Әлімбаев лирикалық қаһарманы ойында көп жағдайда қазақ жерін басып алған отаршылдар тұратын сияқты. Ақынның лирикалық өлеңдерін саралайтын болсақ, мынадай ерекшеліктерді аңғарамыз:

Біріншіден, ақын шығармашылығы жанрлық жағынан бай. Ақын шығармаларында өлең, тақпақ, ертегі, өлең-ойын, санамақ, қайсысы қайсысына ұқсайды, синоним сөздер, өтірік өлең, айтыс, мазақтама, ән өлеңдері, жұмбақ, лотогрифтер, қарама-қарсы қызық сөздер, адас атаулар, метограммалар, шарадалар, жаңылтпаштар т.б. секілді «ішкі жанр» үлгілері ұшырасады. Мұның өзі ақынның ізденіс аясын, білім өресін аңғартатын дәлел болса керек.

Екіншіден, сол мол жанрлық үлгіні аңғартатын өлеңдерден шынайы балалар ақынының кішкентай оқушы танымы, қабылдау мүмкіндігіне саналы бейімделуін аңғарамыз. Өлеңдері мейлінше қарапайым, бірақ ойлы, мақсатты, тәрбиелік нысанасы айқын. Әр сатыдағы оқушылардың жас мөлшеріне сай лексиконды тандап ала отырып, қандай күрделі ойды да аз буынға сыйғыза айтып бере білу де - осы бейімделудің көрінісі. «Күз нышандары» атпен

берілген, небәрі екі жолдан тұратын өлеңдер барынша қарапайым. Қарапайым бола тұра, ең кішкентай оқушының өзіне табиғат маусымының негізгі белгілерін, сурет-характерін нақты жеткізіп беріп отыр. Сондай-ақ, тұрақты үш буынмен жазылған «Қар мен жел» өлеңі де бала танымына лайықталып жазылған.

Үшіншіден, М.Әлімбаев поэзиясының тақырыбы аса бай, әрі соның көбі қазақ оқырмандары үшін соны, тың. Мәселен, спорт жөніндегі цикл өлеңдер, стюардесса, монтер, корректор, сылақшы, студент т.б. Көптеген өлең тың тақырыпты болуымен бірге, танымдық мәні зор. Ақын көптеген саланы қазақ өлеңі үшін бірінші болып ашқан. «Оның шығармалары тақырып байлығымен оқшаулана көзге түседі. Тіпті талай-талай тақырыптарда М.Әлімбаев ізашар, тұңғыш түрен салушы десек әділ» - дейді сыншы Бақыт Сарбалаев. Мәселен, стюардесса туралы өлеңді қазақ тілінде бірінші болып жазған – Мұзафар. «Арфа», «Медуза», «Баобаб ағашы», «Пони», «Ақсақалдың ақ батасынан», «Диалог өлеңдері», «Шынықсаң шымыр боласың», «Жаттығу – жанның тынысы», «Жаңбыршы», «Адас атаулар», «Қарама қарсы қызық сөз» - т.б. да сондай тұңғыштар.

Ақын өлеңдері оқиғалы, сюжетті болып келеді. Сол шағын сюжетте характер ашарлық конфликт өре біледі автор. Бұл - өлеңнің ойнақы, динамикалы болып шығуына септеседі. Мұндай ерекшелікке ақын жырларынан көптеп мысал келтіруге болады.

М.Әлімбаев ел аузындағы елеулі ертегі, аңыздарды тере жүріп, жаңғырта жырлайды, халық шығармашылығындағы ғажап үлгілер дәстүрімен өзі де жанынан аңыз, ертегілер, күлдіргі жырлар тудырады. «Қос керенау», «Кім ұтылды, кім ұтты?», «Жақсыбай батыр мен Елпекбай», «Алшынбай мен Шөже» т.б. өлеңдер осының дәлелі.

Өлеңдерінің құрылысынан, бунақ-бунақ, ырғағынан балалар ақынының қолтаңбасы аңғарылады. Бірыңғай үш буынмен жазылған «Қар мен жел» өлеңін алсақ та, осыған көз жеткіземіз.

Ақын өлеңдері – юморлы. Шуақты әзіл әрекідік уытты күлкіге ұласып жатады. Өлеңдерінде детальды ойнату, контрасты көріністі юмормен сөйлетудің ұтымды сәттері байқалады. Ақын сөзге үнемшіл. Сөзге үнемшілдік өлең техникасын жете меңгерген шеберлікке тән. Ерігу не? Білмеймін. Зерігу не?

Білмеймін. Неге десен, ешқашан Ерінуді білмеймін. Сөз үнемдеуден туған өлеңнің бір үлгісі – осындай.

Өлеңдерін ғылым мен техниканың соны жаңалықтарына сүйене отырып жазады. Бұған ақынның бала психологиясын, таным процесін жете зерттеуі себеп деп ойлаймыз. М.Әлімбаев стюардесса еңбегінің мәнін ашып, оны «Аспандағы әпке» деп баламалапты.

Тағы бір ерекшелік, ақын өлеңдерінде тәрбиелік ой екінші бір құбылыспен астастырыла айтылады. Бұл – ойды оқушыға сіңімді жеткізудің тәуір жолы дерлік. Әрі көркемдік шарт та. «Кітапты жел парақтады» аталатын өлеңінде ой былай жеткізіліпті:

Кітапты жел парақтады,  
Парақтады қарап тағы.  
Өршеленді, жалақтады,  
Парақтады, парақтады.  
Түсіне алмай, алақтады...  
Түсінуге зерде керек,  
Құр парақтау неге керек? [1,114]

Осы өлеңдегі оқушыға айтылар мораль әрі қарапайым, әрі ойлы, табиғи... Немесе «Көктем кімге көңілді, кімге көңілсіз?» деген өлеңінде де бала кейіпкер көктемгі табиғат көркіне тебірене тұрып та:

Жолдастарым не білді?  
Сол көктемнің өзі де  
Болмайды екен көңілді  
«Екілік» алған кезінде...деп түйіпті ойын. [1,57]

Алдыңғы өлеңмен салыстырғанда, осы шумақта ұтымды екі сәт бар. Біріншіден, көктемгі табиғат пен бала көңілі астастырылған, салыстырылған. Екіншіден, көңілсіз көріністі басқа емес, бала кейіпкердің өзі мойындап тұр. Егер, өлең түйініне алынған мораль кейіпкер атынан берілмей, автор атынан баяндар болса, сіңімсіз шығар еді. Ақын орайын тапқан.

Ақынның «Қайсысы қайсысына ұқсайды?» деген тақырыппенен жазылған циклдық өлең топтамасы формалық сонылық болып табылады. Әрқайсысы екі, не төрт жолдан тұратын ықшам өлеңдер. Топтама кішкентай оқушылардың тіршілік сырына көңілін оятып, көзқарасын қалыптастыратын

ыңғайлы, ықшам, тиімді өлеңдер. Бұл да - ақын ізденісін байқататын бір ерекшелік. «Мақал – халықтың даналығы, халықтың жадына түйгені. Автордікі – нақыл... Егер нақылым, түбінде мақал-мәтелге айналып кетіп жатса, дауым жоқ...» деген екен ақын. [3,46] Шынында, М.Әлімбаевтың мақалға, халық даналығына айналып, ауыздан-ауызға көшіп кеткен сөздері баршылық.

Ақынның өрнекті нақыл, қанатты сөздері мен балаларға арнап жазған поэзиясының жанды бір күретамыры халық педагогикасымен өзектестігі. Жазушының нақылдарынан, балаларға арналған шығармаларынан ұлттық педагогиканың ұстындары бой көрсетіп тұрады. М.Әлімбаев жас буынға арнап көркем шығарма жазумен ғана шектелмейді. Ол балалар әдебиетіне толассыз кадр тәрбиелеген «Балдырған» журналын өз қолымен ұйымдастырып, ширек ғасыр шымыр басшылық жасады. «Балдырған» балалар әдебиеті үшін оқушы мен жазушы арасындағы алтын көпір іспетті болғанын айту керек.

Аталмыш журнал арқылы ақын кішкентай оқушыны ғана тірі сөзге тәрбиелеп қойған жоқ, оларға шынайы көркем шығарма сыйлайтын жас таланттар тәрбиешісіне де айнала білді. Жалпы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Ж.Смақов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, О.Әубәкіров, Н.Серәлиев, Е.Өтетілеуов, Н.Айтов, Қ.Толыбаев сынды бірқатар қаламгер иелерінің Мұзафар ағамен бірге қызмет істеп, қанаттаса шеберлік шыңдаған таланттар екені мәлім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Шығармалар жинағы. - Алматы: Санат, 1997. 2 т. – 704 б.
2. Дәрібаева, Ж. Сәулелі сана // Әдебиет айдыны. - 2008. 6 қараша (№ 45). – Б. 4-7.
3. Әлімбаев, М. Толқыннан толқын туады: қазақ әдебиеті қайраткерлері шығармашылығына арналған зерттеулер, эссе, естеліктер. - Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. – 245 б.